

**әл-Фараби атындағы ҚазҰУ «6D030100, 8D04203 – Құқықтану; 6D030200, 8D04201 – Халықаралық құқық» мамандықтар тобы/білім беру бағдарламалары бойынша диссертациялық кеңесінің Нартай Ажар Нартайқызының «Қазақстан респубикасының құқық жүйесіндегі геномның зандық мәртебесін сәйкестендіру мәселелері» тақырыбындағы диссертациясы бойынша**  
**ҚОРЫТЫНДЫСЫ**  
(хаттама № 59, 3 шілде 2025 жыл)

Қорғау нәтижелері мен жасырын дауыс беру қорытындылары бойынша диссертациялық кеңес ескертулерді түзету үшін диссертациялық жұмыстың қайта өндөуге жолдау туралы шешім қабылдады:

1. Бірінші тараудың бірінші бөлімінде геном ұғымын ашу:

– Геномға қысқаша жалпы сипаттағы және арнайы құқықтық анықтама беру қажет.

– Геномды құқықтық түрғыдан сипаттай отырып, оның ерекшеліктері мен құқық объектісін ретіндегі мәнін көрсету маңызды.

– Сондай-ақ, геномдық құқықтық қатынастардың қай салаға (мысалы, азаматтық құқық, конституциялық құқық немесе басқа) жататыны туралы ғылыми болжам ұсыну керек.

2. Терминологияны нақтылау және жүйелеу:

– Диссертация мәтінінде «геномдық құқық», «геномдық сипаттағы құқықтық қатынастар» және «геномдық сипаттағы нормалар» ұғымдарын жүйелі түрде талдап, олардың анықтамаларын нақтылау қажет.

– Бұл терминдер қай жерде қолданылғаны, қандай ғылыми негіздері бар екені және олардың өзара байланысы дәйекті түрде түсіндірілгені жөн.

3. Мәтіннен қайталанатын талаптарды алып тастау:

– Бірінші тараудың бірінші бөлімінде геномға анықтама беру туралы талап бір рет қана беріліп, қайталанбауы тиіс.

4. Терминдерді ауыстыру:

– Барлық мәтінде «прецедент» сөзін «тәжірибе» сөзіне ауыстыру қажет. Бұл ғылыми жұмыстың қазақ және халықаралық құқықтық терминологиясына сәйкестігін қамтамасыз етеді.

5. 3.3-бөлімнің атауын толықтыру:

– 3.3-бөлімнің атауына «статистика» сөзін енгізу ұсынылады. Мысалы: «Геномдық құқықтық қатынастардың дамуына қатысты статистикалық зерттеулер». Бұл сол бөлімде қолданылған зерттеу әдіснамасының сипатын айқындайды.

6. Терминдерді нақтыландыру:

– Мәтінде «диспозиция» ұғымын контекстке қарай «ережелер» сөзімен ауыстыру қажет, өйткені бұл сөздің мағынасы қарапайым оқырманға түсінікті және мазмұнына сәйкес келеді.

7. Ғылыми қорытынды мен тұжырымды нақтылау:

- Зерттеудің мақсаты, зерттеу сұрағы және қорытынды бөлімінде геномның құқықтық мәртебесін занда түрде біржакты анықтау мүмкін еместігі туралы қорытынды жасау қажет.

- Сонымен қатар, геномға байланысты қатынастарды реттеуді гендік инженерия мен биотехнология салаларына қатысты құқықтық нормалар мен ережелер шеңберінде қарастыруға болатынын көрсету маңызды.

- Мұндай тұжырым диссертациялық жұмыстың ғылыми жаңалығын айқындалап, оның тәжірибелік маңызын арттырады.

#### 8 Техникалық қателерді түзету:

- Диссертацияда үшінші тараудың бөлімдері бойынша мазмұндағы барлық техникалық және рәсімдік қателерді түзету қажет.

- Оларға бөлімдердің нөмірлену сәйкесіздігі, атаулардың толық берілмеуі, кестелердің, сілтемелердің немесе қосымшалардың рәсімделуі кіреді.

Қайта өндөлген диссертациялық жұмыс диссертациялық кеңеске үш ай мерзімде ұсынылуы тиіс. Бұл мерзімді үш (3) айдан аспайтын уақытқа ұзартуға жол беріледі. Ұзарту туралы шешімді диссертациялық кеңес докторанттың өтініші негізінде қабылдайды. Егер белгіленген мерзімде қайта өндөлген диссертациялық жұмыс ұсынылmasa, докторант диссертацияны қайта қорғауға тиіс болады.

**Диссертациялық кеңес төрағасы,  
з.ғ.к., профессор м.а.**

**У.А. Ахатов**

**Диссертациялық кеңестің ғалым хатшысы,  
з.ғ.к., қауымдастырылған профессор**

**Е.Т. Алимкулов**

